

**Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
Төралқа мәжілісінің**

ХАТТАМАСЫ

Алматы қаласы

№ 4

2020 жылғы 25 желтоқсан

Қатысқандар: «Қазақ тілі» қоғамының төралқа мүшелері (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының атқарған жұмысының есебі
2. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кезекті Құрылтайын өткізу туралы
3. Кадр мәселесі

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 2020 жылғы атқарған жұмысының есебі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы (бұдан әрі – *Қоғам*) Президентінің міндетін уақытша атқарушы Ерден Қажыбек баяндама жасады.

2019 жылдың қыркүйек айынан бастап Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Президент әкімшілігіне, Үкіметке, жауапты мемлекеттік органдарға баяндаулар және талдамалық қызметтік хаттар жазып, ҚР Президенті жанындағы және Премьер-Министрге бағынысты ұлттық комиссияларға, тіл саясаты бойынша уәкілетті мемлекеттік орган болып табылатын Мәдениет және спорт министрлігіне және Тіл саясаты комитетіне ұсыныстар жолдап, кездесулер мен жиналыстар ұйымдастырып, Қоғамды мемлекет тарапынан жоспарлы түрде қаржыландыру мәселесін көтердік.

Нәтижесінде, Қоғам 2019 жылғы 31 желтоқсанда ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына» алғаш рет ресми түрде орындаушы ретінде енді.

Бұл – үлкен жетістік.

Дегенмен, бұдан бүкіл облыстық, қалалық, өңірлік, аудандық, ведомстволық, мекемелік, ЖОО, акционерлік ұйымдардың, одақтардың құрамындағы бөлімшелерге, шетелдік өкілдіктерге әрі қарай автоматты түрде қаржы үлестіріледі

деген түсінік тумауы керек. Жан-жақты қарастырылған, пысықталған, екшеленген және есептелген, сарапқа салынған, талапқа сай және Қоғам Төралқасында талқыланып, мақұлдаған жобалар, ұсыныстар мен бастамалар ғана мемлекет тарапынан қолдау табатын болады. Бұл – мемлекеттік көзден қаржыландырудың белгіленген тәртібі. Мысалы, мемлекеттік қазыналық мекемелер, ұлттық университеттер, Әдебиет, Тіл, Тарих, Археология, Экономика және т.б. институттар, олар таза мемлекеттік кәсіпорындар болса да, тек қана конкурстық, гранттық негізде, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (НЦГНТЭ) және Ұлттық ғылыми кеңестердің (ННС) сараптауы мен талқылауы, бірнеше деңгейлік хаттамалық шешімдерге сәйкес қаржыландырылады.

Бүгінгі таңда қоғамдық ұйымды қаржыландыру үшін әр ұйым талапқа сай болу керек. Біздің байқауымызша, Қоғамның кейбір мүшелері әлі де бұрын болған жағдайды аңсайды. Рас, 1989 жылы, «Қазақ тілі» қоғамы құрылған кезде жағдай мүлде басқаша болған. Қоғамның құрылтайшылары Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институты, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Ұйғыртану институты, Қазақстан жазушылар одағы, Қазақстан журналистер одағы, Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігі, Қазақ республикалық мәдениет қоры, Қазақстан ЛКСМ Орталық комитеті, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясы, Қазақ ССР телевидение және радиохабары жөніндегі мемлекеттік комитеті, «Қазақстан кітап» бірлестігі және М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры болған. Және Қоғам жарғысы 1990 жылғы 12 ақпанда, Қазақ ССР Министрлер Советінің № 54 Қаулысымен бекітілген. Ол қаулыға сол кездегі Қазақ ССР Министрлер Советі Төрағасы Ұ. Қарамановтың, яғни ең жоғары деңгейдегі Үкімет басшысының қолы қойылған.

Яғни Қоғам басында жеке мемлекеттік орган ретінде құрылып, қаржыландырылған. Осы бағытты жалғастырып, қазіргі тіл басқармалары мен Тіл саясаты комитетінің қызметін атқара беруге де болатын еді. Бірақ кейін Республикалық Тіл комитеті, өңірлерде тіл басқармалары құрылды. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң да шықты. Осыны әлі де түсінбей жүргендер бар.

Биыл Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Түркиядағы «Түрік тілі қоғамымен» бірлесіп, екі халықаралық онлайн басқосу өткізді. Ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыру бағытында ортақ жобаны түрік тарапы қаржыландыруға келісімін берді.

Бұған қоса, қарқынды әрі нәтижелі жұмыстардың арқасында **тұңғыш рет Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ҚР Білім және ғылым министрлігінен «Ғылыми-зерттеу жұмыстарының субъекті» ретінде аккредитациядан өтіп**, отандық ұлттық ғылыми-зерттеу институттары секілді, Қоғам мүшелері жылына бес рет жарияланатын ғылыми гранттық және басқа да конкурстарға қатысуға мүмкіндік алып отыр. Қазақстанда биылғы жылдан бастан ғылым секторына бөлінген қаржы он еседен көп мөлшерге ұлғайғанын білесіздер. Осы бағытта да Қоғам өз құзыреті мен мүмкіндігі шегінде жұмыс жасауда. Нәтижесін жуырда көре жатарсыздар.

Тағы бір маңызды бағыт – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «қазақ тілі халықаралық тілге айналу керек» деген тапсырмасын іске асыру. Осы мәселеге байланысты Қоғам кеңейтілген Төралқа жиналысын өткізді.

Жиналысқа Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ж.Қ.Түймебаев және этно-мәдени неміс, вайнах шешен-ингуш, түрік және ахысха, дүнген, корей, күрт, мажар (венгр), орыс, румын-молдаван, тәжік, қырғыз, украина, поляк, белорус, карел-фин, грек, ұйғыр, қарашай-балқар, әзербайжан, армян, түркімен және т.б. орталықтардың жетекшілері қатысып, Қоғам жанынан өзге ұлт өкілдерінің этно-мәдени бірлестіктері жетекшілерінің басын біріктіретін «Мемлекеттік тілді дамыту алқасы» құрылды.

Қоғам Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларында айтылған тұжырымдамалық ережелерді, сондай-ақ ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында көрсетілген мақсаттарды сапалы іске асырудың маңыздылығын ескере отырып, Ассамблеямен «Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық және бірлескен қызмет туралы» Меморандум даярлады.

Меморандумның мақсаты: Қазақстан халқының бірлігін нығайту, ҚР мемлекеттік тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде қолдану.

Бірлескен қызмет бойынша көзделген бағыттарға сәйкес міндеттер мен мақсаттарды атап өтейік.

Білім беру қызметі бойынша –

- біліктілікті арттыру, мамандарды қайта даярлау;
- мамандандырылған тілдік және елтану курстарын өткізу;
- жоғары білікті кадрларды даярлау (магистратура, PhD докторантура және постдокторантура бағдарламалары, сонымен қатар шетелдік білім беру және ғылыми ұйымдармен бірлескен қос диплом, дуалды оқыту бағдарламалары, аспирантура мен докторантураны қоса алғанда);

- тағылымдамадан, тәжірибеден өтуді және т.б. ұйымдастыру.

Ғылыми-зерттеу қызметі бойынша –

- бірлескен ғылыми-зерттеулер мен жобалар орындау;
- сараптамалық бағалау жүргізу;
- бірлескен ғылыми және оқу басылымдарын ұйымдастыру және т.б.

Ғылыми-әдістемелік қызмет бойынша –

- ғылыми-практикалық семинарлар, симпозиумдар, конференциялар, көрмелер ұйымдастыру және басқа да бірлескен іс-шараларға қатысу;
- инновациялық ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелерінің тәжірибесін зерттеу және қолдану;
- ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға ғылыми рецензия, пікір жазу;
- әлемдегі ең үздік ғылыми және білім беру мекемелерінің тәжірибесін өзара ынтымақтастық орнату арқылы пайдалану.

Ақпараттық қызмет бойынша –

- мониторинг жүргізу, ақпарат алмасу;
- бірлескен PR-акциялар, бұқаралық ақпарат құралдарымен, азаматтық қоғаммен жұмыс жүргізу;

- жарияланымдар, оқулықтар, ақпараттық және басқа да материалдармен алмасу және т.б.

Қоғамдық қызмет бойынша –

- білім және ғылым саласындағы тәжірибені зерделеу және жинақтау үшін бірлескен форумдар, панельдер, конкурстар, коллоквиумдар (соның ішінде халықаралық) өткізу;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің озық жүйелерін енгізу мақсатында ғылым мен білімді насихаттау бойынша бірлесе жұмыс жасау;

- мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен, оның ішінде жекеменшік және шетелдік ұйымдармен серіктестік қарым-қатынасты дамыту;

- мерекелер, көпшілік акциялар, бұқаралық шаралар өткізу.

Негізгі мақсат – қазақ тілін өзге ұлттар арасында және халықаралық сахнада жан-жақты дамыту.

Қоғамының Төралқа отырыстары мен маңызды іс-шараларының ішінде 2019 жылдың қыркүйек айында өткен отырысымызды ерекше атап өткен жөн. Жиынға қатысқан «Қазақ үні порталының» президенті, қоғам қайраткері Қазыбек Иса «Қазақ үні» республикалық газетінде жариялаған қазіргі қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша «Мемлекеттік тіл туралы заң – уақыт талабы» атты Мәлімдемемізді қолдаушылардың саны 130 мыңнан асты.

2019 жылдың қазан айында ҚР БҒМ ҒК А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлесіп, «XX ғасыр басындағы жазу реформасы: Телжан Шонанұлы мұрасы» халықаралық ғылыми-теориялық конференция» өткіздік.

Сонымен қатар қараша айындағы екі іс-шара ұйымдастырдық:

- «Ұлы дала тұлғалары: Академик Рәбиға Сыздық және қазақ сөзінің күдіреті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция»;

- «Қазақ тілінің жаңа әліпбиі: Тіл мамандарының ортақ тұжырымы» атты алқалы мәжіліс тілдік реформаның іске асырылу барысына арналды.

Кеңейтілген төралқа жиыны және алқалы басқосу желтоқсан айында да жалғасты:

- Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының тұңғыш президенті академик Әбдуәлі Қайдардың 95-жылдығына арналған кеңейтілген Төралқа отырысы;

- «Өркениеттің түп қазығы жазу» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция.

Биыл қаңтар айында академик Өмірзақ Айтбайұлының дүниеден өткеніне қырық күн толуына байланысты өткізілген қырқыны орайластырып, Басқарма отырысы өткізілді.

Ақпан айындағы Төралқа отырысында құрылтайға дайындық мәселесі талқыланып, Қоғам атынан еліміздің жоғарғы билігі – Қазақстан Республикасының Президенті, Қ.К. Тоқаев, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М.С.Әшімбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Н.З. Нығматулин және ҚР Премьер-Министрі А.Ұ. Мамин мырзалардан және аты аталған жоғары лауазымды тұлғалар басшылық ететін жоғары органдарға бағынысты мемлекеттік ұйымдардан – алдағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Мәслихатының депутаттыққа үміткер болашақ халық қалаулыларынан Қазақстан халқының тілін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілін білуін толық қамтамасыз етуін қалың

көпшілік атынан талап ету мәселесі талқыланды, дайындық жұмыстары сарапталды, мәлімдеме мәтіні әзірленді.

2020 жылдың наурыз айында ҚР БҒМ ҒК А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлесіп, «Ұлы дала тұлғалары: Академик Шора Сарыбаев және ұлттық тілтаным тағылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды, жинақ жарияланды.

Қоғам 2020 жылдың қараша айында бұрыннан қордаланып қалған, шешімі кезек күттірмейтін, зиялы қауым мен қалың көпшілік жылдар бойы түрлі үндеу, баяндаухат, мақала, қарар түрінде көтерген іргелі мәселелерді халық атынан ресми (нақты қолдаушылардың қолы қойылған) түрде биліктен талап ету акциясын бастады. Осы Талапхат Қоғам сайтында (www.qtq.kz/talaphat) жарияланған сәттен бастап кез келген азаматтың, мейлі Қоғам мүшесі болсын, мейлі қандай да бір партия немесе қоғамдық бірлестіктің өкілі болсын, мемлекеттік қызметкер, керек болса, халық қалаулысының өзі болсын, үлкен ұлттық немесе шағын жеке меншік компания қызметкері, университет оқытушысы және ғылыми-зерттеу институтының ғалымы болсын, жастар, докторанттар мен магистранттар, студенттер, зейнеттегі ақсақалдарымыз бен ақжаулық аналарымыз болсын – қалаған адамның осы құжаттың соңында орналасқан дауыс беру тетігін басып, Қоғамның Талапхатын қолдауға мүмкіндігі бар.

Жұмыстың, негізінен, Қоғамның жас мүшелерінің арқасында, нақты жемісі – Қоғамның ресми сайты мен Facebook парақшасы іске қосылып, қазір толықтырылу мен жетілдіру үстінде.

Бұған қоса, көптеген игілікті істер Қоғамның өңірлік бөлімшелерінде, ведомстволық ұйымдарда, ұлттық акционерлік қоғамдары және түрлі одақ, ЖОО құрамындағы филиалдарда, шетелдік өкілдіктерде атқарылуда. Толық мәліметті сайтымыздан көруіңізге болады.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының соңғы жылдардағы атқарған жұмысының қысқаша есебі осы.

Төралқа мүшелерінен назарға алуларыңызды сұраймын.

2. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кезекті Құрылтайын өткізу туралы.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Президентінің міндетін уақытша атқарушы Ерден Қажыбек хабарлама жасады.

Осы жылғы бірінші рет ақпан айында және екінші рет мамыр айында Қоғамның жергілікті филиалдарына мемлекеттік органдар, акционерлік қоғамдар, жоғары оқу орындары және басқа да түрлі меншіктегі мекемелер құрамындағы бөлімшелер, шетелдегі өкілеттіктер туралы ақпарат сұратылған хат жолданды.

Қоғамның веб-сайты ашылып, түскен ақпараттар порталымызға орналастырыла бастады.

Осы орайда, құрылтайға толық, сапалы және уақтылы есеп пен ақпарат берген бөлімшелер, ұйымдар, филиалдар және өкілеттіктердің мүшелері ғана

қатыса алатынын ескертеміз. Мерзімнен кешіктіріліп ұсынылған немесе белгіленген талаптарға сәйкес емес мәліметтер қабылданбайды.

Құрылтайды өткізу жөнінде Өмірзақ Айтбайұлы ҚР Президенті әкімшілігімен келісе отырып, Түркістан қаласын таңдаған болатын. Алайда әлемді шарлаған пандемия кезекті іс-шара мерзімін кейінге жылжытты.

Бүгінгідей пандемия кезінде үлкен жиын өткізуді жоспарлау қате деп есептейміз. Біздің ұйым мемлекеттен тікелей қаржыландырылатын Сенат, Мәжіліс немесе әкімдік мәслихаты, «Нұр Отан» партиясы емес. Қашықтан онлайн түрінде асығыс жағдайда өткізетіндей күйіп бара жатқан өндірістік қажеттілік те туындап отырған жоқ. Ең бастысы – әр адамның денсаулығы, қауіпсіздігі.

Бір ғана нақты мысалды келтіре кетейін. Кеше ғана, Қоғам орналасқан Қазақстан халқы Ассамблеясының «Достық үйі» үш-төрт аптаға толығымен жабылды. Бүкіл бөлмелерді ақ халатты адамдар дәрілеуге кірісті. Мәдениет және спорт министрлігі, Ақпарат және даму министрлігі, «Нұр Отан» партиясы, әкімдік жоспарлаған жиындардың бәріне қатаң тиым салынды. Себебі: ғимаратымызда отыратын бір жауапты қызметкер жаман ауруға шалдыққан. Өкпесінің 60-70 пайызы зақымданған екен. Қиын жағдайда ауруханаға жатқызылды. Ғимараттағы барлық адам жанұяларымен, араласқан адамдарымен қоса, шұғыл түрде оқшауланып, ПЦР тапсыра бастады. Кемінде 2-3 апта ешкіммен араласпай, карантинде отыруы керек.

Жоғарыда айтылған жайларды ескере келе, Төралқа құрылтай мерзімін келесі жылдың сәуір айының бірінші аптасына белгілеп отыр. Өтетін орны қасиетті Түркістан болғандықтан, қырғыз, өзбек, түрік, әзербайжан, ноғай, татар, башқұрт, қарашай-балқар және т.б. туыс елдердің өкілдерімен қоса, қазақша еркін сөйлейтін қазақстандық өзге ұлт өкілдерін кеңінен қатыстыру жоспарлануда.

Құрылтайдың басты ерекшелігі – іскерлік жағы (баяндама, талқы, сарап, сұрақ-жауап, ұсыныс айту, жобалық жұмыс) басым болып, артық салтанатты іс-шаралар (банкет, марапат пен алғыстар, сыйлық беру және т.б.), мүмкіндігінше, азайтылатын болады. Құрылтай аясында Өмірзақ Айтбайұлының 85 жылдығына орай ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіліп, ас беріледі.

Әртүрлі деңгейдегі мекемелерге жолданған мәліметтер мен есептерге, ұсыныстар мен жобаларға, атқарылған істер мен нақты ақпаратқа сүйене отырып, Төралқа Қоғамның әр өңірден, облыс пен қаладан, ауданнан, бастауыш ұйымдардан, мемлекеттік орган, ЖОО, ҒЗИ, одақ, акционерлік қоғам, шетелдегі өкілдіктер және түрлі меншіктегі ұйымдар құрамындағы бөлімшелері қатарынан құрылтайға қатысушылардың тізімін жасақтауды қолға алады.

Айта кететін нәрсе – Қоғамның өңірлердегі бөлімшелерінде ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр: Ақтөбеде, Павлодарда, Ресей, Еуропа қалаларында және т.б. Ол туралы Қоғам сайтында толық ақпарат беріледі.

Академик Өмірзақ Айтбайұлының өзі кезінде келесі құрылтайды Түркістан қаласында өткізуді жоспарлағанын және марқұмның қасиетті Арыстан баб жанына жерленуін ескере келе, **Төралқа мәжілісінің қарауына Қоғамның кезекті құрылтайын түркі елдерінің тарихи және рухани астанасы – Түркістанда өткізуді ұсынамын.**

Сұрақ –

Ғарифолла Әнес:

- Кейбір жерде жуырда Қоғамның «құрылтайы» өтті деген ақпарат таратылуда. Мен өз басым ол жиынға қатыспадым. Сіз қатыстыңыз ба? Бұл туралы не айта аласыз?

Ерден Қажыбек:

- Жақсы сұрақ қойдыңыз. Мен ол кезде «Алматы» санаторийінде едім. Жыл басынан жоспарлаған ем-шараларды алып, әрі еңбек демалысында болатынмын. Қазір пандемияға байланысты санаторийге жай жатқызбайды. Кіреді алдында бір апта анализ тапсырасың және орналасар алдында келісімге қол қоясың. Мазмұны – санаторийден сыртқа шығуға тыйым салынған. Қатал карантин, қысқасы.

Сол кезде маған С.Аңсатовтан телефоныма СМС келді, екі-үш күннен кейін осындай жиын болады деген. Аң-таң болып, мен де қысқа жауап бердім: «Қай жарғыда, қай заңда ресми басшылықтан жасырын түрде осындай жиынды өткізген дұрыс дегенді көрдіңіз?» деп. Жауабы тіпті қызық көрінді маған. «Ереке, орныңызды тыныш қана өз еркіңізбен босатпасаңыз, онда Сіздің Тіл комитетіндегі былықтарыңызды қозғаймыз» деген сыңайда. Оның скрин-көшірмесі менде сақтаулы.

Комментарий берудің керегі жоқ сияқты. Бұл жиын, шынымен, Қоғамның жарғысына да, заңға да қайшы екені түсінікті. Жарғының IV бөліміндегі 13-тармағына сәйкес «Қоғамның Құрылтайына өкілеттік мөлшерін және өкіл сайлау тәртібін Қоғамның Орталық Кеңесі және Төралқа белгілейді» деп анық көрсетілген.

Сосын, Ғареке, өзіңіз жақсы білесіз ғой, осы мәселе, ашық айтсақ, Қоғам президенті лауазымына Құсман Шалабаевты «сайлау» мәселесі, жылдың басынан бастап көтеріліп келе жатыр С.Аңсатов тарапынан. Ең соңғы осы мәселеге арналған Басқарма отырысы сол жиынның алдында, екі-үш апта бұрын өткенін айта кеткен жөн деп есептеймін. Оған Құсман мырза да, өзіңіз де қатыстыңыз. Сонда Құсман Шалабаев маған: «Ереке, мен осы мәселені көтеруді доғардым. Енді орынбасарыңыз болып жұмыс істей беремін» деп, қолымды ер азаматша, алып, сөз берген еді...

Аталмыш жиынға қатысқан адамдардың біразы бізбен хабарласып, біз дауыс бермедік деп жатыр. Қоғам филиалы деп қатысқандардың ішінде қоғамның бөлімшесі болып табылмайтын ұйымдар бар, өздерін «филиалмыз» деп атағандар да бар, кеше ғана (бір-екі апта бұрын) қолымыздан сенімхат алған аудан өкілдері бар. Кворум атымен жоқ...

Керек болса, Аңсатов мырзаның өзі де бізден алған сенімхаты бойынша жұмыс істеп жүр ғой. Өйткені, ҚР заңнамасы мен Қоғамның Жарғысы бойынша Қоғамның филиалдары мен бөлімшелері заңды тұлға құқығы жоқ уақытша берілген сенімхат арқылы жұмыс жасайтын ұйымдар саналады.

Қоғамның заңгерлеріне және Әділет министрлігіне, заң мен жарғыға сүйене отырып, осы жағдай бойынша нақты шешім қабылдайтын боламыз.

Қорыта айтарым, қоғамның бұрынғы басшыларына, құрметті академиктеріміз Әбдуәлі Қайдар мен Өмірзақ Айтбайұлы ұстаздарымызға сөз келтірмей, ел үмітін ақтап, жоспарлы және жүйелі түрде жұмыстарымызды, ауыз бірлігімізді сақтап, жалғастыруымыз керек.

3. Кадр мәселесі

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Қоғам Президентінің міндетін уақытша атқарушы Ерден Қажыбек хабарлама жасады.

Қоғамның бірінші вице-президенті Ғарифолла Әнес Қабдолқайырұлы кезінде Өмірзақ Айтбайұлының атына өтініш жазған болатын. Ол өзі басқаратын «Әділет» және «Арыс» қорларындағы жұмысы өте жауапты, маңызды және ауқымы көп болғандықтан, өзін вице-президент лауазымынан босатуды сұраған еді.

Шынында да, «Жаңалық» бейіті жанында оның бастамасымен жаңа «Қуғын-сүргін құрбандары музейі» бой көтерді, енді үлкен құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Өтінішін қабылдауға мәжбүрміз. Алайда ол Төралқа мүшесі болып қала береді. Осыған орай Ғарифолла Әнесті Қоғамның бірінші вице-президенті лауазымынан босатуды ұсынамын.

Және Қоғамының бірінші вице-президенті лауазымына филология ғылымдарының кандидаты, танымал тілші-ғалым **Бижомарт Қапалбек Сейсенбекұлын** ұсынамын. Әріптесімізді жақсы білесіздер. Ұйымдастырушылық тәжірибесі мол. Көп жылдары «Мемлекеттік тілді дамыту институтын» нәтижелі басқарып келді.

Жарыссөз.

Күн тәртібіндегі үш мәселе бойынша төралқа мүшелері сөз сөйледі.

Мәжіліске қатысушылар Ерден Қажыбектің Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 2020 жылғы атқарған жұмысының есебі, кезекті құрылтай туралы және кадр мәселесі жөніндегі ұсыныстарын қолдап, пікір білдірді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫНЫҢ ТӨРАЛҚА МӘЖІЛІСІ

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қоғамның атқарған жұмысы туралы есебі назарға алынсын және жоғары бағалансын.

2. Қоғамның кезекті Құрылтайы 2021 жылғы 4-6 сәуір аралығында Түркістан қаласында өткізілсін.

3. Қоғамның бірінші Вице-президенті *Ғарифолла Әнес Қабдолқайырұлы* өз өтініші бойынша лауазымынан босатылсын.

4. **Бижомарт Қапалбек Сейсенбекұлы** Қоғамның бірінші Вице-президентінің міндетін уақытша атқарушы болып тағайындалсын.


5. Осы қаулының орындалуын бақылау Төрағаның міндетін уақытша атқарушы **Ерден Қажыбекке** жүктелсін.

Төраға



Ерден Қажыбек

Хатшы



Бауыржан Жонкешов

